

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 қазандағы N 993 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан инвестицияларға жәрдемдесу орталығы" жабық акционерлік қоғамы сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясының бірінші кезеңін іске асырудың қорытындыларын шығаруға арналған семинар-кеңес өткізу жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

- 1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасуды;
 - 2) осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын қаражаттың онтайлы және тиімді жұмсалу қағидатының сақталуын, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 3 және 4-тармақтарының орындалуын;
 - 3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі